

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 316 (2017), 182 – 189

UDC 321.01

M. O. Nassimov

University «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan,  
E-mail: nasimov\_m@mail.ru

MAIN SIGNS AND FEATURES  
OF THE CONCEPT COMPETITIVENESS

**Abstract.** Processes of globalization world development influence not only to expansion of the international integration, and also competitiveness of the country. Therefore, the problem competitiveness of the state becomes a significant factor creating conditions for economic and social development of the country.

Competitiveness is understood as ability to be ahead of others, using the advantages in achievement of goals. Competitiveness is one the major characteristics used for an assessment efficiency of economic activity by subjects of society. In modern society competitiveness considered as ability of the potential or real subject to sustain the competition.

In this article analyzed the main signs and the principles of a concept and the theory of competitiveness. The analysis submitted genesis of competitiveness in a world political, social and economic thought.

**Keywords:** market, goods, economy, welfare, demand, sources of the concept of competitiveness, types of competitiveness, school of the theory competitiveness.

ӘОЖ 321.01

М. Ө. Насимов

«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан,

БӘСЕКЕЛІК ҚАБІЛЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ  
НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аннотация.** Әлемдік дамудағы жаһандану үдерістері халықаралық интеграцияның кеңеюіне ықпал етуімен қатар, мемлекеттің бәсекелік қабілетіне әсер етеді. Сондықтан мемлекеттің бәсекелік қабілеті мәселесі елдің экономикалық және әлеуметтік даму шарттарын қалыптастыратын маңызды факторға айналды.

Негізінен бәсекелік қабілет алға қойылған мақсаттарға жетуде өз басымдықтарын пайдалану арқылы өзгелерден озық болу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Бәсекелік қабілет қоғам субъектілерінің экономикалық қызмет тиімділігін бағалауда қолданылатын маңызды сипаттамалық көрсеткіш болып табылады. Заманауи қоғамда бәсекелік қабілет ықтимал немесе нақты субъектінің бәсекеге төтеп беру мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Берілген мақалада бәсекелік қабілет түсінігі мен теориясының негізгі белгілері мен қағидалары сарапталды. Әлемдік саяси, әлеуметтік-экономикалық ойлардағы бәсекелік қабілет түсінігінің даму үрдісіне талдау ұсынылды.

**Тірек сөздер:** нарық, тауар, экономика, әл-ауқат, сұраныс, бәсекелік қабілет тұжырымының бастаулары, бәсекелік қабілет түрлері, бәсекелік қабілет теориясының мектептері.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда бәсекелік қабілет түсінігі ғылыми әдебиеттермен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында, танымал басылым беттерінде кеңінен жарияланып жүр. Ұғым кәсіби түсінігімен бірге күнделікті қолданыстағы сөзге айналды.

Еліміз үшін бәсекелік қабілетті арттыру мәселесі стратегиялық жағынан маңызды болып табылады. Өйткені бәсекелік қабілет мемлекеттің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуымен тікелей байланысты. Нәтижесінде еліміз бен шет елге қажетті тауарлар өндіруде заманауи әр тараптандырылған өндіріс құрылады және отандастарымыздың жоғары деңгейдегі өмірін қалыптастыру ілгерілейді.

Елбасының ағымдағы жылдың 12 сәуірінде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1] атты мақаласында бәсекелік қабілет әрбір қазақстандық санасын жаңғыртудың бірінші бағыты болып табылады: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында».

Бәсекелік қабілет ресурстар ықпалынан басталады және географиялық орналасуы, климаттық шарттары, елдегі табиғи ресурстардың болуы, білікті жұмыс күші, қордағы капиталға байланысты дамиды. Дегенмен, бәсекелік күресте сәттілікке жету үшін бұл қажеттіліктер аздық етеді. Кез келген бәсекелестік саласында жоғарыда аталған шарттардың тиімділігін арттырудың тетіктерін әзірлеу қажет деп ойлаймыз.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректері саяси экономия саласының шетелдік саяси ғылымдар өкілдерінің теориялық-тәжірибелік еңбектері арқылы жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу ресейлік ғалымдар зерттеулері мен аудармаларының теориялық әдебиеттерін салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Зерттеу жүргізуге саяси институттар мен ғылымды саясаттанулық тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері арқау болды.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Бәсекелік қабілет тұжырымының бастаулары саяси экономияның қалыптасуы кезеңінде пайда болды. Ағылшын классикалық саяси экономиясының негізін қалаушылардың бірі У. Петти «Салықтар мен алымдар туралы трактат» [2] атты еңбегінде байлықтың екі қайнар-көзін атап көрсетеді: «Еңбек – байлықтың әкесі және белсенді қағидасы, Жер – оның анасы». Ғалым еңбегінде осы екі қайнар-көздің бәсекелік қабілеттің дамуындағы үлесін талдайды. Ол екі өнімді салыстырады, бірінші өнім өңделмеген жерден алынады, келесісі жердің өңделген бөлігінен алынады. Бірінші өнім Петти бойынша «жердің таза өнімі» болып табылса, екіншісі «еңбектің таза өнімі» болып табылады. Осылайша, оның бәсекелік қабілет тұжырымдамасы бойынша еңбектерінде ұлттың әл-ауқатына ықпал ететін фактор ретінде еңбек пен жер саналады.

Франциядағы классикалық саяси экономияның негізін қалаушы П.Л. Буагильбердің [3] пайымдауынша, ұлт байлығы ақшада емес, егін шаруашылығының өнімдерінде. Ол бәсекелік қабілеттің артуына ықпал ететін мына факторларды атап көрсеткен: шығындарды азайту өндіріс пен тұтыну келісімінің нәтижесі ретінде (өндірушілер мен тұтынушылар мүдделері); ауыл шаруашылығының дамуына ықпал ететін мемлекеттік қолдау.

Заманауи экономикалық теорияның негізін қалаушылардың бірі А. Смиттің 1768 жылы жазылған «Табиғат және халықтар байлығының себептері туралы зерттеулер» [4] атты еңбегінде жер, капитал, табиғи ресурстар мен еңбек халықаралық саудада мемлекет басымдығын айқындайтындығын дәйектейді. Зерттеулерінде еркін бәсекелік шарттарын көрсетеді: бәсекелестер өзара келісімсіз тәуелсіз қимылдар жүргізуі керек; әдеттегіден тыс табысты жою үшін ықтимал және нарықта бар бәсекелестер жеткілікті болуы қажет; әлеуметтік шектеулерге сүйенбеу қажет; табыс иелерінің ықыласына жауап беретін ресурстардың бағыттары мен көлемін игеру үшін уақыт болуы қажет. Міне, осы шарттық белгілер бәсекелік қабілетті арттырады.

Кейін бәсеке терминін саяси экономияның классигі Д. Рикардо [5] дамытып, мемлекеттің салыстырмалы артықшылықтары ұғымын енгізді. Сонымен қатар, түсінік халықаралық сауда теориясының да негізіне айналды. Ғалым еңбегінде ұлттық экономиканың өзіндік құн есебінен абсолюттік табыс иеленуімен қатар, тауар өндірісі мен қызмет көрсету айырбасында екі тарап ұтатындығын дәйектейді. Сондықтан оның қалыптастырған салыстырмалы артықшылық теориясы жасырын шығындарға негізделетіндігін айта кеткен жөн.

1930 жылдары Швед ғалымдары Э. Хекшер және Б. Олин [6] Д. Рикардо тұжырымдамасын дамытты. Олар қамтамасыз ету факторлары теориясын қалыптастырып, мемлекет қарқынды сұранысқа ие тауарларды экспорттап, ал сұраныс факторлары аз өндірісіндегі тауарларды импорттауды ұсынды.

XX ғасырда бәсекелік қабілет тұжырымдамасының дамуына австриялық ғалым Й. Шумпетер өз үлесін қосты. Ол алғаш рет кәсіпкерлікті елдің экономикалық дамуының факторы ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, кәсіпкерлер жаңа енгізілімдермен айналысатын жаңашылдар болып табылады. Ғалым жаңа енгізілімдерді былайша түсінеді: жаңа игіліктерді өндіру; өндірістің жаңа тәсілдерін қолдану; өткізудің жаңа нарқын меңгеру; шикізаттың жаңа көздерін игеру; өндірістің салалық құрылымын өзгерту [7]. Демек, Шумпетер бойынша бәсекелік қабілетті дамытуға жаңа енгізілімдер ықпал жасайды.

Өткен ғасырдың 30 жылдарындағы ұлы экономикалық тоқырау нарықтық экономиканың өзін-өзі реттеуде шектелгендігін көрсетті. Дағдарыс кезеңінде ағылшын экономисі Дж.М. Кейнстің «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» [8] атты еңбегі жарық көрді. Классиктердің пікіріне қарамастан, ол экономикаға мемлекет тарапынан араласу қажеттілігін негіздеді. Ғалым экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістерін дәйектеді: пайыздық өлшерлемеге ықпал ету; тұтынуға бейімділік; кәсіпкерлер болжамы; жиынтық инвестициялардың көлемі. Осылайша, ғалым тиімді мемлекеттік экономикалық саясат елдің бәсекелік қабілетіне ықпал ететіндігін көрсетті.

Заманауи шетелдік ғылымда бәсекелік қабілет тұжырымдамасының дамуына америкалық ғалым М. Портер [9] де ерекше үлес қосты. Ол мемлекеттің бәсекелік қабілетінің бірнеше сатыларын көрсетеді: өндіріс факторлары сатысы; инвестициялар сатысы; жаңа енгізілімдер сатысы; байлық сатысы.

Айқындалғандай, бүгінде бәсекелік қабілет терминіне байланысты жалпы түсінік жоқ. Ғылыми әдебиеттерде ұғымның бірнеше анықтамаларын кездестіруге болады. Өйткені, ұғым экономика, менеджмент, маркетинг салаларымен қатар, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, биология, медицина, экология, педагогика, психология және спорт салаларында да ерекше қарқында қолданылып келеді. Мәселен, ресейлік ғалым Р.А. Фатхутдинов бәсекелік қабілетті тасымалдаушы санатындағы кіші деңгей қатысушыларын былайша бөлуді ұсынады: қызметкер, жаңалық, технологиялар, өндіріс құралдары, ұйымдар, тауарлар мен қызмет көрсету түрлері. Ал мезобәсекелестік нысандарына салалар мен аймақтарды жатқызады [10]. Дегенмен, бәсекелік қабілетті тәжірибелік тұрғыдан түсіну бойынша елдердің мемлекеттік билік органдары қалыптастырған ұғымдарға мән беруді жөн санап отырмыз:

Бүкіләлемдік экономикалық форум: ... мемлекет өнімділігінің деңгейін анықтайтын институттар, саясаты мен факторлары жиынтығы [11];

АҚШ Президенті жанындағы бәсекелік қабілет мәселелеріне байланысты Комиссия (1985 ж.): Бәсекелік қабілет: - халықаралық нарық талаптарына сәйкес мүмкіндігі бар, еркін және әділетті нарықтық шарттар шеңберінде тауарлар өндіру мен қызмет көрсетуге мемлекеттің мүмкіндігі;

Бәсекелік қабілет саясаты бойынша Кеңес (1992 ж.): Бәсекелік қабілет – халықаралық нарық сұранысына сәйкес тауарлар өндіру және қызмет көрсету, азаматтардың өмір сүруін жоғары деңгейде және оны сақтаудың ұзақмерзімдік басымдығы бар мүмкіндігі;

Бүкіләлемдік экономикалық форумның «Жаһандық бәсекелік қабілет» баяндамасы (1996 ж.): Бәсекелік қабілет – жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) жан басына шаққандағы өсімінің жоғары екініне мемлекеттің жету мүмкіндігі;

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (1996 ж.): Бәсекелік қабілет – тұрғындар табысы мен жұмысбастылығының жоғары деңгейіне қатысты халықаралық бәсекелестіктің ашықтығын сақтау арқылы компаниялар, кәсіпорындар, аймақтар, елдер мен ұлттық аймақтардан жоғары аймақтар мүмкіндіктерін қолдау;

Менеджмент Халықаралық институтының «Бәсекелік қабілет мәселелеріне байланысты бүкіләлемдік жылдық» журналы (2003 ж.): Бәсекелік қабілет – кәсіпорын тарапынан қосымша құн құру және тұрғындар әл-ауқатын жоғары деңгейге жеткізуді қамтамасыз ететін, мемлекеттің өнім шығару және қолдау шарттарын қалыптастыратын деректер мен саясатты сараптайтын экономикалық білімнің бөлімі;

Бәсекелік қабілет бойынша кеңесшілер тобы (Cіamoі Group), Европалық Комиссия, мемлекет премьер-министрлері мен басшыларына арналған бірінші баяндама (1995 ж.): Бәсекелік қабілет – өнімділік, тиімділік және түсімділік элементтерін қамтиды. Дегенмен олар өз шамаларына қарай түпкілікті мақсатын жеткілікті қамтамасыз ете алмайды. Міндеттерді шешу үшін өмір деңгейі мен материалды әл-ауқаттың өсіміне жеткізетін қуатты құралдар қажет [12].

Сондықтан В.Ш. Кагановтың төмендегі пікірімен толықтай келісеміз: «Жалпы бәсекелік қабілет тұжырымдамасының мәні көптеген нысандардың (елдер, салалар, аймақтар, ресурстар, институттар, компаниялар, өнімдер, жұмысшылар және т.б.) бәсекелік-сайыстық тәсілдерде кеңінен тараған әдістемелік әдістерді ұсынуында жатыр. Мұнда барлық құрылымдар бәсекелес шаруашылық субъектілерімен бірыңғай бәсекелік алаңда үйлесімдіктері айқындалады. Бұл ретте бәсекелік қабілет бір нысанның өзгеден табыстылық, көшбасшылық, артықшылық, басымдық ұқсастықтары ұсынылады [13].

Ресей ғалымдары Е.И. Кендюх пен Н.Н. Цугленоктың пайымдауларына: «Өнімнің сапасы мен бәсекелік қабілет мәселесі қазіргі қоғамда әмбебап сипатқа ие. Оның сәтті шешім табуы барлық мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік өміріне, кез келген тұтынушыға байланысты. Бәсекелік қабілет – мемлекет мүмкіндіктері жиынтықтарының шоғырландырылған көрінісі, кез келген өнім шығарушының тауарды жасау және тарату мүмкіндігі. Бәсекелестік өнім шығарушыны нарықтан ығыстыру қатерін негіздей отырып тауарларының сапалық жүйесімен ұдайы айналысуды жүктеп, нарық олардың атқарған қызметін объективті және қатаң бағалау ықпалы арқылы мәжбүрлеу сипатын иеленеді. Дамыған бәсекелестік нарық шарттарында маркетинг тауарлардың сапасы мен бәсекелік қабілеті мәселелерін шешудің тиімді құралына айналып, берілген мүмкіндіктерді кеңейтеді немесе азайтады» [14].

Өткен ғасырлардың екінші жартысында бәсекелік қабілет теориясының қарқынды дамуына байланысты бірнеше мектептер құрылған:

- бәсекелік қабілет теориясының америкалық мектебі (М. Портер – ұлттық бәсекелестік артықшылықтары тұжырымдамасы);
- бәсекелік қабілет теориясының британдық мектебі (Дж. Дайнинг – эклектикалық ОЛИ-парадигма; К. Фримэн – техноэкономикалық парадигма тұжырымдамасы);
- бәсекелік қабілет теориясының скандинавиялық мектебі (Б.-О. Лундваль, Б. Йонсон – экономиканы оқыту тұжырымдамасы; Б. Асхайм – аймақты оқыту тұжырымдамасы; Э. Райнерт – экономикалық қызметтің «сапалық индексі»);
- аумақтық-өндірістік кешендердің кеңестік мектебі [15].

Бүгінгі таңда бәсекелік қабілеттің негізгі түрлеріне мыналар жатады: мемлекеттің бәсекелік қабілеті; өндіріс саласының бәсекелік қабілеті; аймақтың бәсекелік қабілеті; кәсіпорынның бәсекелік қабілеті; өнімнің бәсекелік қабілеті.

*Мемлекеттің бәсекелік қабілеті* – елдің халықаралық нарықтың талаптарына сәйкес келетін тауарларды өндіру және қызмет көрсету, жалпы ішкі өнімнің тұрақты өсу екіпінін қамтамасыз ететін мемлекеттік ресурстарды арттыру шартын құру және тұрғындар өмірінің әлемдік сапада әл-ауқатын қалыптастыру мүмкіндігі.

Мемлекеттің бәсекелік қабілетін айқындайтын өлшемдері: экономикалық даму екіпінділігі, ұлттық валютаның жағдайы, тұрғындар санына шаққандағы маңызды тауарлар өндірісінің көлемі көрсеткіштеріне сәйкес бағаланатын экономиканың дамуындағы ерекшеліктер; өнеркәсіптік өндірістің тиімділігі; тауар сапасының деңгейі, тұрғындар санына шаққандағы тұтынушылық шығындар көлемі көрсеткіштеріне байланысты бағаланатын нарықтың қарқындылығы; банктер, құнды қағаздар нарығы қызметі негізінде бағаланатын қаржылық жүйенің ахуалы мен дамуы; тұрғындардың саны, өсімі мен жұмыс күші көрсеткіштері, жұмыссыздық деңгейі, еңбек ресурстарының біліктілік деңгейі негізінде анықталатын адами ресурстар; экономиканы мемлекеттің реттеу ықпалы дәрежесі, елдің ұлттық табысындағы мемлекеттік сектордың үлесі айқындалатын мемлекеттің рөлі; елдің ресурстары және инфрақұрылымдық дамуы; табыс және оның үлестірілуі, кәсіпорындардағы еңбек қатынастары, халықтың әл-ауқаты айқындалатын елдегі әлеуметтік-саяси ахуал.

*Өндіріс саласының бәсекелік қабілеті* – саланың әлемдік және ішкі нарық талаптарына сай тауарлар өндіру және қызмет көрсету, сала кәсіпорнының бәсекелік қабілеті әлеуеті өсімі шарттарын жасау мүмкіндігі.

Өндіріс саласының бәсекелік қабілетін анықтайтын өлшемдер: салалық құрылым; жоғары бәсекелік қабілетті көшбасшы кәсіпорындардың болуы; дамыған салалық инфрақұрылым; сала ішіндегі, елдегі және шет елдердегі өзге салалармен ғылыми-техникалық, өндірістік, материалды-техникалық және коммерциялық әріптестік жүйесінің қалыптасуы; өнімді үлестіру жүйесі; еңбек өнімділігі; өнімді өзіндік игеру және оны ұдайы өндіруге қажетті өнімнің техникалық деңгейі, білім мен ғылымның жиынтығы, капитал сыйымдылығы мен ғылымның қажеттілігі; ғылыми жобалық ұсынымдарды жүзеге асырудың техникалық әзірлемелер көлемі; саланың экспорттық бағыттары мен импорттық тәуелділігі дәрежесі; өнімді халықтық шаруашылық салаларында пайдалану дәрежесі.

*Аймақтың бәсекелік қабілеті* – аймақтың ішкі және әлемдік нарық талаптарына сай тауарлар мен қызмет көрсету түрлерін дамыту, тұрақты дамуды қамтамасыз ететін инновациялық, интеллектуалды, инвестициялық ресурстарды ұлғайту шарттарын қалыптастыру мүмкіндігі. Аймақтың бәсекелік қабілетін бағалау дамудың әлеуметтік-экономикалық және инвестициялық тартымдылығы, инвестициялық әлеует көрсеткіштері мен инвестициялық тәуекелділік деңгейлеріне негізделеді.

Аймақтың бәсекелік қабілеті жүйесінің мынадай өлшемдерін ерекше атап өте аламыз: аймақ ішінде туындайтын ішкі ықпалдар; аймақтардың өндірістік артықшылықтары; қуаты, жылдамдығы, икемділігі секілді белгілері айқындалатын өнім; тұтынушыларға бағытталу ерекшеліктері; ықпал жасаудың күші, сипаты, тәсілі мен көлемі.

*Кәсіпорынның бәсекелік қабілеті* – кәсіпорынның бәсекелестермен қарсы әрекет шарттарында жеке мақсаттарға жету, бәсекелестерден басым түсетін тауарлар өндірісі, тауарлар нарығына ұсыныстар беру, тұтынушылар қажеттіліктерін қанағаттандыру, кәсіпорынның нарықтық құнын арттыру мүмкіндіктері.

Кәсіпорынның бәсекелік қабілетін айқындайтын өлшемдер екі фактордан тұрады: ішкі және сыртқы. Ішкі факторлардың сипаттамалық белгілері: экспорт пен импорт қатынасындағы мемлекеттік саясат; мемлекеттің экономикалық дамуының деңгейі; тауарларды экспорттаушы және импорттаушы елдердің мемлекеттік экономикалық саясаты; капитал нарығы жұмысының тиімділігі мен қаржылық қызметтердің сапасы; елдегі инфрақұрылымның даму деңгейі; ғылыми-технологиялық әлеуетінің дамуы; еңбек ресурстарының болуы және біліктілігінің деңгейі; өтемпұлдық салық және қаржылық-несиелік саясат; кеден саясаты; мемлекеттік сақтандыру жүйесі; өнімді стандарттау және сертификаттаудың мемлекеттік жүйесі; стандарттардың міндетті талаптары мен сертификатталуын мемлекеттік қадағалау, метрологиялық бақылау; тұтынушылар мүдделерін құқықтық қорғау; қоғамдық және мемлекеттік емес институттардың қызметі.

Сыртқы факторлардың сипаттамалық белгілері: кәсіпорынның өндірістік және ұйымдастырушылық құрылымы; технологиялар; өндірістік процестерді есепке алу және реттеу; қызметкерлер біліктілігінің деңгейі; менеджмент сапасы; басқарудың ақпараттық және нормативті-әдістемелік негіздері; кәсіпорынның жабдықталуы; сапа менеджменті жүйесінің қызметі; стратегиялық басқарудың деңгейі; тарату желісінің дамуы; құпия ақпараттың қорғалу деңгейі; заманауи ақпараттық технологияларды қолдану көлемі; өнімді сатуда Интернет желісін пайдалану; білімді қолдануға негізделген экономикаға бейімделу; өндірістің дамуы үшін инвестицияларды тартудың тұрақтылығы; тұрақты және лоялды клиенттік база құру; кәсіпорынның мәртебесі; тауар сапасын арттыруға қызметкерлердің ынталануы; стратегиялық бәсекелік артықшылықтың болуы; тиімді бәсекелік стратегия; мекеменің инвестициялық тартымдылығын айқындайтын құны.

*Өнімнің бәсекелік қабілеті* – өнімнің нарық талаптары мен тұтынушылар бағалауына байланысты сапалық және құндық сипаттарына сәйкес ұқсас өніммен салыстырғанда сатып алушыларды қызықтыруға бейімділік мүмкіндігі.

Өнімнің бәсекелік қабілетін бағалау өлшемдері: нарықтың мамандануы және географиялық орналасуын, көлемін зерттеу; негізгі бәсекелестер, олардың тауарлық белгілері мен оның ерекшеліктері, тарату қызметінің әдістері, жарнамалық материалдарын зерттеу; нарықты саралау арқылы ықтимал сатып алушылар, тұтынушылардың тауарды қолдануы, берілген тауарды алуға итермелейтін мұқтаждықты анықтау; тауардың бағалық көрсеткіштерімен қатар, оның басқада құндық артықшылықтарын айқындау; өнімнің бәсекелік қабілеті факторларын жүйелендіру.

Бәсекелік қабілеттің ерекшеліктерін сипаттайтын бірнеше ажырамас белгілерін атап өтуімізге болады:

*Салыстырмалылық* - бәсекелік қабілет белгілерінің бір субъектімен бәсекелес көрсеткіштерін салыстыру нәтижесін білдіреді. Қарсыластармен бәсекелестікті салыстырмай нәтижеге жету мүмкін емес. Салыстырмалылық бәсекелік қабілет санатының негізгі белгілерін анықтайды. Ал салыстыру жүргізілмеген бәсекелік қабілет тиімділік, нәтижелілік, өнімділік, сапа, өсім деңгейі сынды қызметтік ішкі көрсеткіштерге айналады.

*Шарттылық* жеке тауарлық топ қатынасындағы фирма және оның қарсыластарының белгілі нарықтағы мінез-құлық шарттарымен байланысты бәсекелік қабілетті білдіреді. Жеке субъектінің бәсекелік қабілеті туралы нақтыланған салалық нарықтағы бәсекелесуші тараптар қимылдарының нәтижесі арқылы айтуымызға болады. Егер фирма біржақты өнімдер арқылы аймақтық нарықта қызмет атқарса, салыстырмалы бәсекелік қабілет осы деңгейде шарттық қызмет атқарады.

Бәсекелік қабілеттің *объективтілігі* – бұл фирма қызметі нәтижелері туралы субъективті бағалаудың нәтижесі емес, оның сипаттарына тән объективтілік белгілері. Бәсекелік қабілетті субъективті бағалау белгілі бір мерзімдегі объективті ахуалдың көрінісі болып қала береді.

*Динамикалық* – уақыт, мезгілге созылатын бәсекелестік қатынас және бәсекелік қабілет көрсеткіші нақты күнмен анықталады [16].

Елбасы мақаласында: «Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» [1], - деп атап көрсетеді.

Мәселен, 2017-2020 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жобасы 4 саланы дамытуға бағытталған: 1) Цифрлық Жібек жолы – ауылдық елді мекендерде интернетке кең жолақты қолжетімдікті жүргізу арқылы жоғары технологиялық цифрлық инфрақұрылымды құру; телекоммуникациялық хабты дамыту; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; деректерді өңдеу орталықтарын салу және т.б.; 2) Креативті қоғам – халықтың цифрлық сауатын көтеру арқылы адами капиталды дамыту, инфокоммуникация технология саласындағы мамандардың біліктілігін көтеру, креативті тұрғыдан ойлауды дамыту және т.б.; 3) Экономика салаларындағы цифрлық қайта құру – елдің көлік-логистикалық жүйесін автоматтандыру арқылы цифрлық индустрияны дамыту; ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп саласына цифрлық технологияларды енгізу; энергия үнемдеу және энергия тиімділік саласына талдау жүйесін енгізу; электронды сауданы дамыту; минерал ресурстарын есепке алу жүйесін жақсарту; геологиялық цифрлық ақпараттың сақталуын және қолжетімділігін қамтамасыз ету; ақылды қалаларды құру үшін технологияларды іске асыру; және т.б.; 4) Белсенді мемлекет – электронды және мобильді үкіметті одан әрі дамыту арқылы цифрлық үкіметті құру; электронды түрде ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді көбейту; ашық үкіметті қалыптастыру; кеңістік деректерінің ұлттық инфрақұрылымын дамыту және т.б.

Үш тілде білім беруді енгізу туралы идеяны алғаш рет Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІІ сессиясында айтқан болатын. Ал, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынды: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» [17].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 29 маусымындағы Жарлығына сәйкес еліміздегі тіл саясатының негізгі мақсаты, міндеттері мен бағыттары айқындалған Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [18] бекітілді. Бағыттардың негізгі бағдарламалық мақсаттары болып табылады:

1. Мемлекеттік тіл – жалпыұлттық бірліктің басты факторы.
2. Мемлекеттік тілдің көпшіліктің кеңінен қолдануына қол жеткізу.
3. Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың мәдениеті.
4. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту.

Ұлтаралық қатынас пен татулықтың мәдениетін қалыптастыру еліміздің маңызды мақсаты болып табылады. 2006 жылдың 25 шілдесінде Елбасының Жарлығымен «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [19]

айқындалды және 28 маусымында Үкімет «Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын» [20] қабылдады. Бұл құжаттар мемлекеттік, ұлттық саясатпен айналысатын барлық ұйымдар жұмыстары үшін маңызды болып табылады.

**Қорытынды.** Дәйектелгендей, бәсекелік қабілет нарықтық қатынастардың ажырамас бөлігі болып табылады. Оның даму ахуалына байланысты қоғамдық дамуға қажетті барлық мүмкіндіктер қалыптасады. Сондықтан үнемі ғылым мен техника жетістіктерін пайдаланып, нарықтық жағдай өзгерістеріне жылдам мән беріп, барлық деңгейдегі мәдениет көрсеткіштерін арттырып отыру қажет.

Бәсекелік қабілет ұғымы бойынша ғылымда көптеген түсініктердің қалыптасуына байланысты оның пәнін қарастыруда екі бағытты ұстану қажет деген ойдамыз. Біріншіден, зерттеудің міндеттері мен мақсаттары ерекшеліктерін айқындау арқылы бәсекелік қабілетіне қажетті қырларына назар аудару. Екіншіден, зерттеу пәнінің ерекшеліктерін анықтау барысында бәсекелестіктің пәні (тауар, қызмет көрсету түрі), субъектілері (кәсіпорын, өндіріс немесе қызмет саласы, аймақтар, ұлттық экономика, мемлекет), нысандары (сұраныс, нарық), өндіріс түрлері (табиғат және шикізат ресурстары, жұмыс күші, капитал, құнды қағаздар, ақпарат, саяси билік) және қызмет деңгейін (тауарлық, салалық, аймақтық, аймақаралық, халықаралық нарық) жиынтықтау арқылы сипаттамалар ұсыну.

Көршіміз Ресейде бәсекелік қабілет мәселелерін әр қырынан терең зерттеуге бағытталған бірнеше арнайы ғылыми журналдар шығады. Мәселен, 2007 жылдан бастап бәсекелік қабілетке байланысты саясаттану, құқық, экономика, менеджмент, маркетинг, әлеуметтану, философия, тарих ғылымдары бойынша зерттеу мақалалары жарияланатын «Современная конкуренция» ғылыми-практикалық журналы тұрақты түрде жарыққа шығады. Біздің ойымызша, мұндай жобаның отандық ғылым кеңістігінде қалыптасуын қолға алуымыз қажет секілді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. - 12 сәуір.
- [2] Петти У. Трактат о налогах и сборах. – Петрозаводск, Петроком, 1993. - 159 с. – ISBN: 5-87388-007-4.
- [3] Сперанская Л. Н. Экономические взгляды П. Буагильбера. // Всемирная история экономической мысли: В 6 томах / Гл. ред. В.Н. Черковец. - М.: Мысль, 1987. - Т. I. От зарождения экономической мысли до первых теоретических систем политической жизни. - С. 434-439. - 606 с. – ISBN: 5-244-00038-1.
- [4] Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. / Пер. с англ., предисл. В.С. Афанасьева. – М.: Эксмо, 2007. – 956 с. – ISBN: 978-5-699-18389-0.
- [5] Афанасьев В.С. Давид Рикардо. - М.: Экономика, 1988. - 127 с. – ISBN: 5-282-00644-8.
- [6] Ohlin B (1933) Vol. 39: Interregional and international trade. Harvard economic studies.
- [7] Шумпетер Й.А. Теория экономического развития. – М.: Прогресс, 1982. – С. 159. – 455 с.
- [8] Кейнс Д.М. Общая теория занятости, процента и денег. – Петрозаводск, Петроком, 1993. - 307 с. – ISBN: 58738-008-2.
- [9] Портер М. Конкуренция. / Пер. с англ. О.Л. Пелявского и др. – М.: Вильямс, 2010. - 591 с. – ISBN: 978-5-8459-1584-9.
- [10] Фатхутдинов Р.А. Уровни и объекты конкурентоспособности // Современная конкуренция. – 2009. - №4 (16). – С. 131-135.
- [11] What is competitiveness? // [Electronic resource]. – Available: <https://www.weforum.org/agenda/2016/09/what-is-competitiveness/>
- [12] Харин А.А. и другие. Управление инновационными проектами. – М.-Берлин: Директ-Медиа, 2016. – С. 82. – 472 с. - ISBN: 978-5-4475-5545-0.
- [13] Каганов В.Ш. Корпоративное обучение как фактор обеспечения конкурентоспособности предпринимательских структур // Современная конкуренция – 2011. - №6 (30). – С. 101.
- [14] Кендох Е.И., Цугленок Н.Н. Современные концепции конкурентоспособности // Вестник КрасГАУ. – 2012. - №1. – С. 20-21.
- [15] Фатхутдинов Р.А. Стратегическая конкурентоспособность и экономика России // Общество и экономика. - 2003. - № 1. - С. 32-33.
- [16] Коваленко А.И. Теоретические и методологические аспекты использования концепции «конкурентоспособности» в научных исследованиях // Современная конкуренция. – 2013. – 6 (42). – С. 72-73.
- [17] Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 28 ақпан.
- [18] Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы. // [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>

[19] Основные концепции развития гражданского общества на 2006-2011 годы. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ru.government.kz/docs/u060154~2.htm>

[20] Об утверждении Программы совершенствования казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия на 2006-2008 годы. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo\\_respubliki\\_kazahstan\\_premier\\_ministr\\_rk/natsionalnaya\\_bezопасnost/id-P060000593/](https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/natsionalnaya_bezопасnost/id-P060000593/)

## REFERENCES

- [1] Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru. *Egemen Kazahstan*, 2017. 12 sauir. (In Kaz.).
- [2] Petti U. Traktat o nalogah i sborah. Petrozavodsk, Petrokom, 1993. 159 s. ISBN: 5-87388-007-4. (In Russ.).
- [3] Speranskaja L. N. Jekonomicheskie vzgljady P. Buagil'bera. Vsemirnaja istorija jekonomicheskoj mysli: V 6 tomah. Gl. red. V.N. Cherkovec. M.: Mysl', 1987. T. I. Ot zarozhdenija jekonomicheskoj mysli do pervyh teoreticheskikh sistem politicheskoj zhizni. S. 434-439, 606 s. ISBN: 5-244-00038-1. (In Russ.).
- [4] Smit A. Issledovanie o prirode i prichinah bogatstva narodov. Per. s angl., predisl. V.S. Afanas'eva. M.: Jeksmo, 2007. 956 s. ISBN: 978-5-699-18389-0. (In Russ.).
- [5] Afanas'ev V.S. David Rikardo. M.: Jekonomika, 1988. 127 s. ISBN: 5-282-00644-8. (In Russ.).
- [6] Ohlin B (1933) Vol. 39: Interregional and international trade. Harvard economic studies. (In Eng.).
- [7] Shumpeter J.A. Teorija jekonomicheskogo razvitija. M.: Progress, 1982. S. 159, 455 s. (In Russ.).
- [8] Kejns D.M. Obshhaja teorija zanjatosti, procenta i deneg. Petrozavodsk, Petrokom, 1993. 307 s. ISBN: 58738-008-2. (In Russ.).
- [9] Porter M. Konkurencija. Per. s angl. O.L. Peljavskogo i dr. M.: Vil'jams, 2010. 591 s. ISBN: 978-5-8459-1584-9. (In Russ.).
- [10] Fathutdinov R.A. Urovni i obekty konkurentosposobnosti. *Sovremennaja konkurencija*, 2009. 4, S. 131-135. (In Russ.).
- [11] What is competitiveness? Electronic resource. Available: <https://www.weforum.org/agenda/2016/09/what-is-competitiveness/> (In Eng.).
- [12] Harin A.A. i drugie. Upravlenie innovacionnymi proektami. M.-Berlin: Direkt-Media, 2016. S. 82, 472 s. ISBN: 978-5-4475-5545-0. (In Russ.).
- [13] Kaganov V.Sh. Korporativnoe obuchenie kak faktor obespechenija konkurentosposobnosti predprinimatel'skih struktur. *Sovremennaja konkurencija*, 2011. 6, S. 101. (In Russ.).
- [14] Kendjuh E.I., Cuglenok N.N. Sovremennye koncepcii konkurentosposobnosti. *Vestnik KrasGAU*, 2012. 1, S. 20-21. (In Russ.).
- [15] Fathutdinov R.A. Strategicheskaja konkurentosposobnost' i jekonomika Rossii. *Obshhestvo i jekonomika*, 2003. 1, S. 32-33. (In Russ.).
- [16] Kovalenko A.I. Teoreticheskie i metodologicheskie aspekty ispol'zovanija koncepcii «konkurentosposobnosti» v nauchnyh issledovanijah. *Sovremennaja konkurencija*, 2013. 6, S. 72-73. (In Russ.).
- [17] Zhana alemdegi zhana Kazahstan: Kazahstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyñ Kazahstan halkyna Zholdauy. *Egemen Kazahstan*, 2007. 28 akpan. (In Kaz.).
- [18] Kazahstan Respublikasynda tilderdi damytu men koldanudyn 2011-2020 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy turaly. Jelektronnyk resurs. Koru rezhimi: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110> (In Kaz.).
- [19] Osnovnye koncepcii razvitija grazhdanskogo obshhestva na 2006-2011 gody. Jelektronnyj resurs. Rezhim dostupa: <http://ru.government.kz/docs/u060154~2.htm> (In Russ.).
- [20] Ob utverzhdenii Programmy sovershenstvovanija kazahstanskoy modeli mezhjetnicheskogo i mezhkprofessional'nogo soglasija na 2006-2008 gody. Jelektronnyj resurs. Rezhim dostupa: [https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo\\_respubliki\\_kazahstan\\_premier\\_ministr\\_rk/natsionalnaya\\_bezопасnost/id-P060000593/](https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/natsionalnaya_bezопасnost/id-P060000593/) (In Russ.).

**М. О. Насимов**

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан,

## ОСНОВНЫЕ ПРИЗНАКИ И ОСОБЕННОСТИ ПОНЯТИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ

**Аннотация.** Процессы глобализации мирового развития влияют не только на расширение международной интеграции, а также на конкурентоспособности страны. Поэтому проблема конкурентоспособности государства становится значимым фактором формирующей условия для экономического и социального развития страны.

В основном под **конкурентоспособностью** понимается способность опережать других, используя свои преимущества в достижении поставленных целей. Конкурентоспособность является одной из важнейших характеристик, используемых для оценки эффективности экономической деятельности субъектов общества. В современном обществе конкурентоспособность рассматривается как способность потенциального или реального субъекта выдержать конкуренцию.

В данной статье анализируются основные признаки и принципы понятия и теории конкуренто-способности. Представлен анализ генезиса конкурентоспособности в мировой политической, социально-экономической мысли.

**Ключевые слова:** рынок, товар, экономика, благосостояние, спрос, истоки концепции конкуренто-способности, виды конкурентоспособности, школы теории конкурентоспособности.